отбасылық лагерьлер, күндізгі орталықтар, туристік жорықтар, археологиялық және өлкетану экспедициялары) үлесін арттыру жөнінде шаралар қабылдасын;

4) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен және көп балалы отбасылар балаларының, мүгедек балалардың, даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың, экологиялық қолайсыз аудандарда тұратын балалардың, жалпы білім беретін мектептердің үздік оқушыларының сауықтыру демалысын басым тәртіппен жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етсін;

5) құқық қорғау органдарымен бірлесіп, балалар құқық бұзушылықтарының, қылмыстарының профилактикасы, балалардың панасыз және қадағалаусыз қалуының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізсін;

6) жалпы білім беретін мектептердің, қосымша білім беру ұйымдарының жанындағы тамақтандыратын және тамақтандырмайтын күндізгі лагерьлерде балалардың бос уақытын ұйымдастырсын;

7) жазғы каникул кезеңінде балалар және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа барлық қосымша білім ұйымдарының қатысуын қамтамасыз етсін;

8) еңбек отрядтарында, мектеп орманшылығында, абаттандыру және көгалдандыру жасақтарында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес балалардың жұмыспен қамтылуын жүзеге асырсын;

9) «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қызметін жандандыру бойынша шаралар қабылдасын;

10) балаларды сауықтыру ұйымдарының өрт қауіпсіздігін, балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты мен жұмыспен қамтылуы кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ведомствоаралық өзара қимыл комиссиясын құрсын;

11) жазғы лагерьлердегі тәлімгерлерге мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлердің қызметін зерттеу бойынша тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету жөніндегі жұмыс тобын ұйымдастырсын;

12) балалардың жол-көліктік жарақаттануының алдын алу мен ескерту, судағы және өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар өткізсін;

13) мәдени-бос уақыт іс-шараларының өткізілуін ұйымдастырсын;

2. «Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) облыс өңірлерінде балалар спортын дамытуды қамтамасыз етсін;

2) спорттық-сауықтыру, спорттық-бұқаралық іс-шараларын, бос уақытты өткізуді ұйымдастырсын;

3) жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдер спорттық ұйымдарының қызметін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдасын;

4) жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдермен жүргізілетін жұмысқа барлық спорт құрылымдарының міндетті қатысуын қамтамасыз етсін.